



ОЙЫНШЫҚТАН
«ОТ» ШЫҚПАСЫН

6-БЕТ | МӘСЕЛЕ



ҰЛТТЫ СҮЮГЕ
ҮНДЕГЕН

7-БЕТ | ТҰЛҒА



«ҰЛЫЛАР МЕКЕНІНЕН» –
«АБАЙ АМАНАТЫНА»

8-БЕТ | МӘДЕНИЕТ



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Тәжікстан – сенімді досымыз әрі уақыт тезінен өткен одақтасымыз. Екі елді ортақ тарих, мәдениет және рухани құндылықтар байланыстырады. Біз барлық деңгейде тығыз әрі өзара сенімге құрылған саяси диалог орнаттық. Бірлескен күш-жігер арқылы нағыз достық пен тілеуестік рухында ортақ келешектің негізін қалап келеміз. Қазақстан мен Тәжікстанның арасындағы Одақтастық қатынастар туралы шартқа қол қойдық. Бұл – екіжақты ықпалдастықтың мүлдем жаңа кезеңіне қадам басқанымызды айғақтайтын тарихи құжат.

№101
(4689)
Сенбі
24 тамыз
2024 жыл



ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ЫНТЫМАҚТАСТАН – ОДАҚТАСҚА

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Тәжікстанға мемлекеттік сапармен барды. Соның аясында шағын және кеңейтілген құрамда, екі ел Үкіметтері делегацияларының қатысуымен жоғары деңгейде келіссөздер өтті.

Екі мемлекеттің басшылары Қасым-Жомарт Тоқаев пен Эмомали Рахмон Қазақстан мен Тәжікстан арасындағы стратегиялық серіктестіктің қазіргі жай-күйі мен даму перспективасын талқылады. Сондай-ақ екі елдің саяси, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық салалардағы ынтымақтастығын нығайтуды көздейтін бірқатар маңызды құжатқа қол қойылды. Бұл сапар бауырлас елдер арасындағы ынтымақтастық пен одақтастықтың жаңа көкжиегін ашып берді.

2-3



КӨШЕЛЕРДІҢ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ТӨЛҚҰЖАТЫ

Бас қалада көшелердің электрондық төлқұжаты дайындалып жатыр.

Бытыр қолға алынған бұл жұмыспен Қазақстан жол ғылыми-зерттеу институтының мамандары айналысып жатыр. Әр көшенің жеке электрондық төлқұжаты жасалады. Онда жөндеу жұмысы қашан жүргізіледі, жаяу жүргіншілерге арналған жолдың ұзындығы қанша метр және жолға қатысты тағы басқа мәліметтер көрсетіледі. Елорда көшелерін цифрландыру жұмысы қыркүйек айында аяқталады.



БАЛАНЫ МЕКТЕПКЕ ДАЙЫНДАУ ҚҰНЫ ҚАНША?


Жаңа оқу жылының жақындауымен бас қаланың дүкендері мен базарларында сауда қызып тұр. Жыл сайын тамыз айында мектепке қажетті заттардың бағасы бақылауға көнбейді. Ал бір баланың мектеп формасы, кеңсе тауарлары мен өзге де керек-жарағын түгендеу қаржы жағынан ата-ана үшін оңай емес. Осыған орай, бүгінде Астанада 30 қыркүйекке дейін жалғасатын «Мектепке жол» республикалық акциясы өтуде.

ӨТІНІШ БЕР, БАСПАНА АЛ!

Астана қаласының Тұрғын үй орталығы «Қазақстандық тұрғын үй компаниясы» АҚ желісі бойынша «Сатып алу құқығымен жалға берілетін тұрғын үй» бағдарламасы бойынша тұрғындардан өтініш қабылдауды 28 тамызда бастайды. Бұл туралы қала әкімдігінің ресми сайты хабарлады.

Өтініштер birge.astana.kz порталы арқылы электрондық түрде қабылданады. Қабылдау уақыты: 2024 жылы 28 тамыз күні сағат 09:00-ден бастап, 2024 жылы 3 қыркүйек күні сағат 23:59-ға (қоса алғанда) дейін. Бұл бағдарламаға «Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлер,

арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы лауазымдарды атқаратын адамдар» санаты бойынша Астана қаласында тұрғын үйге кезекте тұрған азаматтар ғана қатыса алады.



Төлен
ТІЛЕУБАЙ

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ПЕН

(Соңы. Басы 1-бетте)

ШАҒЫН ҚҰРАМДА
КЕЛІССӨЗ ЖҮРГІЗДІ

Душанбеге мемлекеттік сапармен келген Қасым-Жомарт Тоқаевты «Қасри Миллат» сарайында Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон қарсы алды. Ресми іс-шара кезінде Мемлекет басшысының құрметіне зеңбіректен 21 рет оқ атылды. Мұнан соң Құрмет қарауылының бастығы екі ел басшыларына рапорт берді. Қазақстан мен Тәжікстанның мемлекеттік әнұрандары шырқалып, Қасым-Жомарт Тоқаев пен Эмомали Рахмон бір-біріне делегация мүшелерін таныстырды. Бұдан кейін мемлекеттер басшылары Ақ залға өтіп, шағын құрамда келіссөз жүргізді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан мен Тәжікстанның көпжақты серіктестігінің берік негізі саналатын жоғары деңгейдегі тұрақты кездесулерге баса мән беретінін айтты.

– Ең алдымен, ежелгі тәжік жеріне табаным тиген сәттен бастап көрсеткен сый-құрметіңіз бен қонақжайлық көңіліңіз үшін шын жүректен ризашылығымды білдіремін. Қазақстан мен Тәжікстан арасындағы қарым-қатынас барлық бағытта қарқынды дамып келеді. Біз сенімді одақтас елдерміз. Қазақстан тарапы Тәжікстанның қазақ халқына деген тілеулерін жоғары бағалайды. Бірақ мұнымен тоқтап қалуға болмайды. Біз алға қарай жылжуымыз керек. Бұл сапар ынтымақтастығымызды дамытуға тың серпін беруді көздейді. Бүгін Одақтастық қатынастар туралы шартқа қол қойылады. Меніңше, бұл құжаттың тарихи маңызы зор. Осы орайда бірқатар өзекті мәселе бойынша мазмұнды пікір алмасамыз деп ойлаймын, – деді Қазақстан Президенті.

Өз кезегінде Эмомали Рахмон екіжақты ынтымақтастықты жоғары бағалап, Қазақстан мен Тәжікстанның стратегиялық серіктестігін одан әрі нығайтуға ниетті екенін мәлімдеді.

– Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы, Тәжікстанға қош келдіңіз! Елімізге мемлекеттік сапармен келгеніңізге қуаныштымыз. Бұл сапар екіжақты қарым-қатынасымызға тың серпін беретініне сенімдімін. Саяси, сауда-экономикалық, мәдени-гуманитарлық және қауіпсіздік салаларындағы ықпалдастығымыз қарқынды дамып келеді. Сізбен екі ел ынтымақтастығының қазіргі жай-күйі мен перспективасын, сондай-ақ халықаралық және аймақтық күн тәртібіндегі мәселелерді талқылауға әзірмін, – деді Тәжікстан Президенті.

Келіссөз барысында сауда-экономикалық, көлік-транзит, энергетикалық, мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық, сондай-ақ цифрландыру, ауыл шаруашылығы мен су ресурстары салаларындағы ықпалдастық мәселелері талқыланды.

Бұдан бөлек, Қазақстан мен Тәжікстан экономикасын дамытуға тың серпін беретін инвестициялық жобаларды іске асырудың перспективалары қарастырылды.



КЕЛЕШЕГІ ЗОР БАҒЫТ

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Эмомали Рахмонға Электрондық үкімет саласындағы ынтымақтастық туралы есеп берілді. Президенттерге биыл екі елдің мамандары интернет-ресурстардың бірыңғай платформасы мен SmartBridge жүйелерінің негізгі компоненттерін Тәжікстан серверлерінде сәтті орналастырғаны жөнінде баяндалды.

Қазақстанның Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Жаслан Мәдиев пен Тәжікстанның Инновациялар және цифрлық технологиялар агенттігінің директоры Мирзо Хуршед тәжік мамандарының арнайы оқу курсынан өткенін жеткізді. Қазір Тәжікстанның мемлекеттік органдарына арналған сайттарды әзірлеу жұмыстары қолға алынып, IT-шешімдерді интеграциялау ісі егжей-тегжейлі пысықталып жатыр.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Эмомали Рахмонға мемлекеттік қызметтердің қолжетімділігін және тиімділігін арттыру үшін жасанды интеллект технологияларын пайдалану мүмкіндіктері жайында мәлімет берілді. Бұл екі ел арасындағы ынтымақтастықтың ең перспективті бағытының бірі болмақ.

КӨПЖАҚТЫ
БАЙЛАНЫСТАРДЫҢ
НЕГІЗІ ҚАЛАНДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Эмомали Рахмон кеңейтілген құрамда келіссөз жүргізді. Мемлекеттер басшыларының шағын құрамдағы кездесуінен кейін ресми делегация мүшелерінің қатысуымен кеңейтілген құрамда келіссөз жүргізілді.

Қасым-Жомарт Тоқаев бұл мемлекеттік сапардың басты мақсаты достыққа және өзара қолдауға негізделген қазақ-тәжік қатынастарын мүлдем

жаңа деңгейге көтеруді көздейтін ортақ мұратқа сай келетінін айтты. Осы орайда Мемлекет басшысы қол қойылатын Қазақстан Республикасы мен Тәжікстан Республикасы арасындағы Одақтастық қатынастар туралы шарттың айрықша маңызына назар аударды.

– Аталған тарихи құжат көкжиегімізді кеңейтіп, көпжақты байланыстарымызды одан әрі нығайтудың негізін қалайды. Одақтастық қатынастарды дамыту жолындағы бірлескен әрекетіміз тұтас Орталық Азия өңірінің орнықты дамуы мен тұрақтылығын қамтамасыз етуге ықпал етеді. Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, құрметті Эмомали Шарипович, қазақ-тәжік ықпалдастығын кеңейтуге елеулі үлес қосқаныңыз үшін Сізге ризашылығымды білдіремін. Шуақты Душанбе қаласына келген сайын зор қуанышқа бөленемін. Әрдайым оң өзгерістерге куә боламын. Сіздің еліңізде жүргізіліп жатқан экономикалық реформаларды ерекше ықыласпен бақылаймыз, жетістіктеріңізге қу болып отырмыз. Достас әрі одақтас ел ретінде бұған шын ниетімізбен қуанамыз, – деді Президент.

Мемлекет басшысы қазақ-тәжік ынтымақтастығы барлық бағытта қарыштап дамып келе жатқанын айтты.

– Шын мәнінде, алдыңғы кездесулер барысында қол жеткізілген уағдаластықтардың бәрі дәйекті түрде жүзеге асырылып жатыр және екі ел үкіметтерінің бақылауында тұр. Мұны өзім де қадағалап отырмын. Өткен айда премьер-министрлердің орынбасарлары деңгейінде Үкіметаралық комиссияның кезекті отырысы өтті. Жыныға қатысушылар екіжақты ықпалдастық тетіктерін егжей-тегжейлі талқылады. Мақсатымыз – өзара сауда-саттық көлемін 2 миллиард долларға жеткізу. Менің ойымша, бұған елдеріміздің әлеуеті жетеді, – деді Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның мәдениет күндерін ұйымдастыруға көрсеткен қолдауы, атап айтқанда Душанбенің орталығында қазақтың бас ақыны, хакім Абай Құнанбайұлының ескерткіш-бюстін орнатқаны үшін тәжік тарапына алғыс айтып, мұндай іс-шаралар ортақ рухани-мәдени құндылықтарымызды байыта түсетініне назар аударды.

Өз кезегінде Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон Одақтастық қатынастар туралы шартқа қол қою ұзақмерзімді перспективада мемлекетаралық байланыстарды жаңа деңгейге көтеретінін айтты.

– Бұл халықтарымыздың түпкілікті мүддесіне сай келеді деп сенемін. Сіздің бүгінгі сапарыңыз аясында бірқатар іс-шара ұйымдастырылады. Қазақстанның мәдениет күндері, Қазақ киносының күндері өтеді. Екі елдің зиялы қауым өкілдері, ғалымдар, әйелдер мен жастар, кәсіпкерлер бас қосады. Мұның бәрі қос мемлекет пен халықтың достығы берік, бір-біріне жақын екенін әрі ынтымақтастығымыз нығайып келе жатқанын көрсетеді, – деді Эмомали Рахмон.

Кездесу барысында агроөнеркәсіп, су-энергетика, көлік-транзит салаларындағы екіжақты ынтымақтастықты одан әрі нығайтудың негізгі басымдықтары мен міндеттері айқындалды. Тараптар бірлескен жобаларды іске қосуға, сондай-ақ бизнеске қолайлы жағдай жасауға баса мән беруге уағдаласты.

Сонымен қатар келіссөздер кезінде цифрландыру, білім беру және ғарыш технологияларын пайдалану бағыттары бойынша өзара тиімді серіктестік аясын кеңейтудің мүмкіндіктері қарастырылды.

Келіссөздердің қорытындысы бойынша Қасым-Жомарт Тоқаев пен Эмомали Рахмон Қазақстан Республикасы мен Тәжікстан Республикасы арасындағы Одақтастық қатынастар туралы шартқа салтанатты түрде қол қойды. Бұдан бөлек, Қазақстан Президентінің Тәжікстанға мемлекеттік сапары аясында мынадай бірқатар маңызды құжатқа қол қойылды:

1. Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы мен Тәжікстан Республикасының Орталық сайлау және референдум жөніндегі комиссиясы арасындағы өзара түсіністік туралы меморандум;

2. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі мен Тәжікстан Республикасы Өнеркәсіп және жаңа технологиялар министрлігі арасындағы өнеркәсіп саласындағы ынтымақтастық туралы меморандум;

3. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі мен Тәжікстан Республикасы Энергетика және су ресурстары министрлігі арасындағы мұнай-газ саласындағы өзара түсіністік және ынтымақтастық туралы меморандум;

4. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Тәжікстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі арасындағы ауыл

шаруашылығын инновациялық және цифрлық дамыту, кадрларды даярлау және қайта даярлау саласындағы өзара түсіністік туралы меморандум;

5. Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі мен Тәжікстан Республикасы Президенті жанындағы Инновациялар және цифрлық технологиялар агенттігі арасындағы өзара түсіністік пен ынтымақтастық туралы меморандум;

6. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі мен Тәжікстан Республикасы Үкіметі жанындағы Телевизия және радио комитеті арасындағы ынтымақтастық туралы меморандум;

7. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі мен Тәжікстан Республикасы Үкіметі жанындағы Саулет және құрылыс комитеті арасындағы құрылыс секторында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды дамыту бойынша ынтымақтастық туралы меморандум;

8. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Тәжікстан Республикасы Үкіметі жанындағы Азық-түлік қауіпсіздігі комитеті арасындағы ветеринария саласындағы ынтымақтастық жөніндегі өзара түсіністік туралы меморандум;

9. Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі мен Тәжікстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жастар ісі және спорт комитеті арасындағы дене шынықтыру және спорт саласындағы ынтымақтастықтың 2025-2027 жылдарға арналған бағдарламасы;

10. Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі мен Тәжікстан Республикасы Үкіметі жанындағы Стандарттау, метрология, сертификаттау және сауда инспекциясы агенттігі арасындағы стандарттау, метрология және сәйкестікті бағалау саласындағы ынтымақтастық туралы меморандум;

11. Қазақстан Республикасы Алматы облысы әкімдігі мен Тәжікстан Республикасы Хатлон облысы мемлекеттік биліктің атқарушы органы арасындағы сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық, гуманитарлық және мәдени ынтымақтастық туралы меморандум;

12. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі мен Тәжікстан Республикасы Үкіметі жанындағы Атқару қызметі арасындағы сот актілері мен басқа органдардың актілерін орындау бойынша ынтымақтастық туралы меморандум;

13. «Қазақстан темір жолы» ҰК» акционерлік қоғамы мен «Рохи охани Точикистон» мемлекеттік унитарлық кәсіпорны арасындағы ынтымақтастық туралы меморандум;

14. «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» акционерлік қоғамы мен «Тәжік сирек металдары» мемлекеттік унитарлық кәсіпорны арасындағы өзара түсіністік туралы меморандум;

15. «Ассамблея жастары» республикалық қоғамдық бірлестігі мен «Тәжікстан жастар одағы» қоғамдық ұйымы арасындағы ынтымақтастық туралы меморандум.

БАҚ ӨКІЛДЕРІ ҮШІН
БРИФИНГ ӨТКІЗДІ

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Эмомали Рахмон екіжақты келіссөздер аяқталғаннан кейін бұқаралық ақпарат құралдары өкілдеріне арнап бірлескен мәлімдеме жасады. Мемлекет басшысы қонақжайлық танытқаны үшін Президент Эмомали Рахмонға шынайы ризашылығын білдіріп, бауырлас Тәжікстан еліне жасаған мемлекеттік сапарына ерекше мән беретінін атап өтті.

– Бұл сапар өзара құрметке, сенімге және жан-жақты ынтымақтастыққа негізделген қазақ-тәжік қатынастарының дәйекті түрде нығаюына тың серпін береді. Тәжікстан – сенімді досымыз әрі уақыт тезінен өткен одақтасымыз. Екі елді ортақ тарих, мәдениет және рухани құндылықтар байланыстырады. Біз барлық деңгейде тығыз әрі өзара сенімге құрылған саяси диалог орнаттық. Бірлескен күш-жігер арқылы



№101 (4689) 24/08/2024 Сенбі



АКЦИЯҒА БЕЛСЕНЕ АТСАЛЫСТЫ

Астана қаласы мәслихатының депутаттары «Мектепке жол» республикалық акциясына белсене қатысуда. Жаңа оқу жылы қарсаңында мәслихат төрағасы Ерлан Каналимов бастаған депутаттар №8 мектеп-лицейге барып, оқу жылының соңына дейін жететін барлық керек-жарағы бар 40 рюкзакты салтанатты түрде сыйға тартты.

«Акцияны басынан бастап елорда әкімдіктерінің қызметкерлері, Аманат партиясының мүшелері, кәсіпкерлер мен қала тұрғындары белсене қолдады. Бүгінгі таңда 3 мыңға жуық оқушы рюкзак алды. 30 қыркүйекке дейін жалғасатын акция аясында 8 мың оқушыны қамту жоспарлануда» деді Ерлан Каналимов.

Астана қаласы Қазақстан халқы ассамблеясының ұйымдастыруымен Достық үйінде «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы өтті. Салтанатты рәсімге Астана қаласы Ішкі саясат басқармасының басшысы

Нұрдаулет Әлмұханов қатысып, қолдау көрсеткен жандарға алғыс білдірді.

«Елорда тұрғындарымен бірге жыл сайын дәстүрге айналған «Мектепке жол» республикалық акциясының куәгері болып отырмыз. Бұл акция Астана қаласының Қазақстан халқы ассамблеясының қолдауымен өтіп жатыр. Балаларға мектепке қажетті барлық құрал-жабдық беріледі. Осы орайда акцияға атсалысып, көмек көрсеткен қалалық Қазақстан халқы ассамблеясына және демеушілерге алғысымызды білдіреміз» деді басқарма басшысы.

Астана қаласы ҚХА төрағасының орынбасары Әміржан Әлпейісов елордалық этномә-

дени бірлестіктердің мүшелері мен аналар кеңесінің, «Жомарт жан» орталығының қолдауымен өткен бұл іс-шараның негізгі мақсаты әлеуметтік қолдауға мұқтаж көпбалалы отбасыларға, сондай-ақ жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға жаңа оқу жылына дайындық алдында материалдық көмек көрсету екенін атап өтті.

Іс-шара барысында ұйымдастырушылар балалардың назарына қызықты ойын-сауық бағдарлама ұсынды. Сонымен қатар 200-ден астам бала мектеп сөмкесімен және оқу құралдарымен қамтамасыз етілді. Материалдық көмектің жалпы сомасы – 4 млн теңге.



«ЖАЙЛЫ ҚАЛАЛЫҚ ОРТА» ЖОБАСЫ БАСТАЛДЫ

Елордада Аманат партиясының ұйымдастыруымен «Жайлы қалалық орта» жобасы жүзеге асуда. Алматы ауданында өткен іс-шараға партияның Астана қалалық филиалының атқарушы хатшысы Мұхаммед Болысбек, сондай-ақ мәслихат депутаттары, партия және қоғам белсенділері, тұрғындар қатысты.

«Мемлекет басшысы «Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясын жариялағаннан бастап елімізде сенбіліктер, бейсенбіліктер секілді түрлі акция басталды. Осы орайда біз Аманат партиясының Астана қалалық филиалы жанынан «Жайлы қалалық орта» жобасын бастап отырмыз. Мақсаты – аула тұрғындары арасында экomodениетті қалыптастыру. Іс-шараға тұрғындар бала-шағасымен келіп отыр. Осылайша ата-аналар балаларын қоршаған ортаны ластамай, таза ұстауға тәрбиелейді» деді Мұхаммед Болысбек.

Аталмыш жоба тазалық мәдениетін қалыптастыруды насихаттайды.

«Тазалық – бұл адамның ішкі мәдениетінің, адамгершілігінің көрінісі. Біз үйіміздің, тұрып жатқан қаламыздың таза болуына баса мән беруге дағдылануымыз қажет. Келешек ұрпаққа таза ауа мен таза жерді қалдыру – борышымыз. Табиғатқа зиян келтіретін артық іс-әрекетке жол бермеуіміз керек. Біздің аулада 4 тұрғын үй орналасқан. Мұнда шамамен 1490 пәтер бар. Қазіргі кезде кіреберіс есіктер күрделі жөндеуден өтіп жатыр. Оған қоса, ауланы жарықтандыру

жұмысы жүргізілуде. Кейін үйіміздің шатыры жөнделеді деп жоспарланып отыр» деді «Тұрсын Астана-2» тұрғын үй кешені меншік иелері бірлестігінің төрағасы Қуаныш Оспанов.

«Жайлы қалалық орта» жобасы аясында аулаларды тазалау, орындықтарды сырлау, балалар ойын алаңдарының тозығы жеткен жерлерін жөндеу, жыртылған төсеніштерді жамау жұмысы жүргізіледі.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, іс-шара әр бейсенбі сайын тұрақты түрде өтіп тұрады.

Сәбиана КӘКІМЖАН

ШЕБЕРЛІК САБАҒЫН ӨТКІЗДІ

Бас қалада Joltar әлеуметтік бағдарламасы аясында іс тігу бойынша шеберлік сабағы өтті. Дағдыны жетілдіру үшін жұмысқа орналасқан түлектер шапан, жеңі бар дәстүрлі ұзын көйлек тігуді үйренді.




Сондай-ақ үйренушілер оқытушының мұқият бақылауымен үлгіні құрастыру, матаға ауыстыру, пішу және тігу сияқты бірегей бұйымды жасаудың барлық кезеңін меңгерді.

Joltar бағдарламасы – елорда әкімдігінің бастамасы.

Осыған дейін 5 мыңнан астам адам оқып, 3 мыңға жуық жұмысқа орналасты. Тегін қысқамерзімді курстарға «Баршаға мүмкіндік» модульдік пункттерінде жазылуға болады. Дәріс 8 жұмыс дағдысы (тігінші, сәңгер-конструктор, бухгалтерлік есеп негіздері,

корпустық жиһаз жасау негіздері, сатушы-кассир, электр-газбен дәнекерлеуші, бариста, аяқ киімді жөндеу) және 7 цифрлық дағды (SMM, сайт жасау, бейнемонтаж, графика дизайны, мобилография, меркетплейстердегі сауда, таргет) бойынша өтеді.



ТАҒЫ БІР МУРАЛ АШЫЛДЫ

Триатлон саябағындағы көпір маңында V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына арналған тағы бір жаңа мурал ашылды.

Муралдың биіктігі – 4 метр. Онда турнир кезінде жамбы атайын деп нысананы көздеп тұрған ер адам бейнеленген. Жамбы ату

– ұлттық спорт түрі, онда атпен шауып бара жатқан адам белгілі бір қашықтықта садақпен нысананы көздейді. Сондықтан муралдағы

сурет – ұлттық ойындардың басталғанының, абырой мен даңқтың, көшпенділердің күші мен дәлдігінің символы.

АСТАНА ҚАЛАСЫ ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ ЖӘНЕ ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ СЕГІЗІНШІ САЙЛАНЫМЫ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

2024 жылғы 27 тамыз сағат 11:00-де Астана қаласы мәслихатының сегізінші сайланымының кезектен тыс сессиясы шақырылады.

Сессияның қарауына келесі сұрақтар енгізіледі:

- Астана қаласы «Нұра» ауданының әкімі лауазымына тағайындауға келісу туралы.
- Астана қаласында құрылған жаңа ауданға атау беру туралы.
- «Қазақстан Республикасының елордасы – Астана қаласын басқару тәсімі туралы» Астана қаласы әкімінің 2023 жылғы 9 тамыздағы №62/7-VIII шешіміне өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы.
- «Астана қаласы әкімдігінің дербес құрамын келісу туралы» Астана қаласы мәслихатының 2023 жылғы 19 қаңтардағы №316/39-VII шешіміне толықтыру енгізу туралы.
- Астана қаласының сәулеттік келбетін қалыптастыру және қала құрылысын жоспарлау қағидаларын бекіту туралы.
- «Астана қаласының аумағындағы жасыл екпелерді жасау, күтіп-ұстау және қорғау қағидаларын бекіту туралы» Астана қаласы мәслихатының 2023 жылғы 3 қазандағы №87/10-VIII шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы.

7. «Астана қаласында студенттік жатақханалар салу» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелерді қабылдау туралы.

8. Жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті иеліктен шығару шарттарының жобаларын келісу туралы.

9. «Астана қаласының аумақтық сайлау комиссиясы мүшелерін сайлау туралы» Астана қаласы мәслихатының 2023 жылғы 26 желтоқсандағы №128/16-VIII шешіміне өзгеріс енгізу туралы.

10. «Астана қаласы мәслихатының депутаттарын сайлау жөніндегі бір мандатты аумақтық сайлау округтері бойынша округтік сайлау комиссияларының мүшелерін сайлау туралы» Астана қаласы мәслихатының 2023 жылғы 17 қаңтардағы №304/38-VII шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

11. «Астана қаласының учаскелік сайлау комиссияларының мүшелерін сайлау туралы» Астана қаласы мәслихатының 2023 жылғы 26 желтоқсандағы №130/16-VIII шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.

Анықтама үшін телефондар: 55-66-36.

Е. КАНАЛИМОВ,
Астана қаласы мәслихатының төрағасы

БАЛАНЫ МЕКТЕПКЕ ДАЙЫНДАУ ҚҰНЫ ҚАНША?

Индира
БЕРЖАНОВА

БЫЛТЫРҒЫДАН ӨСТІ МЕ?

Былтыр Ranking.kz бір баланы мектепке дайындауға қанша ақша кететініне зерттеу жүргізген еді. Мектепке ең қажетті заттар тізімінде Қазақстан Республикасында бекітілген стандарт негізіндегі мектеп формасы, күнделікті және спорттық аяқкиім, дене шынықтыруға арналған киім, мектеп сөмкесі және кеңсе тауарларының жиынтығы бар. Тауарлардың бағасы сауда орталықтарындағы дүкендердің негізінде жасалып, нәтижесінде мектепке қажетті заттардың құны 100 мың теңгені құраған. Ал биылғы статистика қандай?

Жақында шетелдік «Геостатистика» өзінің Telegram-арнасында ТМД елдері арасында мониторинг жүргізіп, әр елдегі мектеп формасы мен аяқкиімге қанша қаржы кететінін талдап көрсеткен. Статистикаға сүйенсек, ең арзан мектеп формасы Әзербайжанда, мұнда бір балаға орта есеппен 10 мың теңгеге арнайы киімді алуға болады. Ал тізімде Қазақстан көш бастап, елімізде бір баланың киімі мен аяқкиіміне 67 мың теңге кетеді делінген.

Дегенмен, сауда орталықтарындағы дүкендер ұсынған бағадан гөрі, кей ата-аналар баласын интернет сайттардан, тіпті алдын ала шетелден, оның ішінде саудасы қызған Қытай сайттарынан алуды құп санайды. Олардың басты артықшылығы – арзан әрі тартымды баға. Өйтсе де, бағасына сапасы сай келетінін де айта кеткен жөн.

Ranking.kz зерттеуі нәтижесіндегі 100 мың теңге баланың барлық қажеттілігі мен шығынына жетпейтінін ескерген дұрыс. 1 қыркүйекте мұғалімге беретін гүл шоғы, бантик, шұлық, күзгі сырт киім, маусымдық туфли тағы бар. Сондай-ақ қыркүйек айы жақындаған сайын бұл бағаның өспейтініне ешкім кепілдік бере алмайды. Мамандар балаға қажетті заттарды тамыз айының күтпей, маусымнан бастап сатып ала беруді, жеңілдіктер мен жаппай сатылымдарды қарап жүруді ұсынады.

БАЗАРДАҒЫ БАҒА ҚАНДАЙ?

Ата-ана баласына қажетті заттардың сапалы әрі қолжетімді болғанын қалайды. Алайда баға ырыққа көнер емес. Айлығы шайлығына жетпей, тапқаны ішіп-жеуден артылмай жүрген көпбалалы аналардың бірі – Ботагөз Батыршинова. Оның 6 баласының 3-еуі мектеп жасында.

– Балаларымды елорданың «Астаналық» базарында киіндірдім. Шыны керек, баға үлкендердің киіміне жұмсалатын қаражатпен бірдей секілді. Ұл баланың костюм-шалбары 20-25 мыңнан басталады. Аяқкиімдер 13-14 мыңнан тұр. Кеңсе тауаларына кемі 15 мың қажет. Балаларымның керек-жарағына түгендеу оңайға соқпайды. Жалақым – 150 мың теңге. Пәтер ақымыз – 85 мың теңге. Үйдегі көңілді базардағы нарық шешіп тұр. Үкімет беретін 88 мың теңгелік атаулы әлеуметтік көмекке ары кетсе бір баламды дайындап болмаймын. Сондықтан балаларымды амалсыз несиеге «киіндірдім». Базардағы Түркия, Қытай, Қырғызстан киімі болсын, таңдап, талғап жатпаймын. Қаражат қайсысына жетеді, соны сатып аламыз. Арзанын алатындықтан, киімдер оқу жылының соңына дейін әрең шыдайды. Арзанның сорпасы татымайды деген осы. Алайда сол ақшаның

Жаңа оқу жылының жақындауымен баласы мектепке оқитын ата-ана әбгерге түсе бастайды. Өйткені бір баланың мектепке қажетті киімі, кеңсе тауарлары мен өзге де керек-жарағын түгендеу қаржылық жағынан оңайға соқпайды. Ал бірнеше баласы бар ата-аналар қайтпек? Базар не дүкендердегі баға да құбылып тұр, қыркүйек жақындаған сайын шарықтап отыр. Осыған орай біз Астанада бір баланы мектепке дайындауға қанша қаржы жұмсалатынын анықтап көрдік.



өзіне іліксек, жақсы болар еді. Мектепке де балаңды ескі киіммен жібере алмайсың. Өйткені бүгінгі балалар бір-бірінің киіміне қарайды, салыстырады, – дейді көпбалалы ана.

Бас қаланың дүкендері мен базарларында сауда қызып тұр. Саудагерлер жыл сайын мектеп формасы мен оқуға қажетті құрал-жабдықтардың қымбаттауы қалыпты жағдай дейді. Олар нарықтағы орташа бағаны есепке ала отырып орта сыныпта оқитын оқушыны мектепке дайындауға 150 мың теңге жететінін айтады. Мұның өзіне саудагерлер ең негізгі қажеттіліктер, яғни мектеп формасы, аяқкиім, сөмке мен кеңсе тауаларын алуға болады дейді. Ал қосымша маусымдық күртесі, бас киімі мен өзге де құрал-жабдықтарды кейін де сатып алуға болатынын алға тартады.

«МЕКТЕПКЕ ЖОЛ» ҚОЛЖЕТІМДІ МЕ?

Астанада жылда 1 тамыз және 30 қыркүйек аралығында «Мектепке жол» республикалық акциясы өтеді. Акцияға барлық отбасылар қатыса алмайды. Жоба аясында аз қамтылған және көпбалалы отбасылардан шыққан сондай-ақ асыраушысынан айырылған балаларға әлеуметтік қолдау көрсетіледі. Биыл аталған акция шеңберінде 8 500-ден астам бала қамтылады деп жоспарланып отыр.

«Мектепке жол» республикалық акциясы аясында өткен жылы 8 мыңнан аса бала мектепке дайындалды. Бүгінгі таңда да жәрмеңке бірқатар сауда орталықтары маңында жұмыс істейді.

Сондай-ақ қалада «Жалпыға бірдей міндетті оқыту» шеңберінде жаңа оқу жылында оқушылардың жекелеген санаттарына киім, аяқ киім, кеңсе керек-жарақтарын сатып алу үшін материалдық және қаржылық көмек көрсету көзделген. Бүгінгі таңда 12

027 бала қамтылды. Алдағы оқу жылында материалдық көмектің мөлшері бір балаға 43 407 теңгені құрайды. Білім басқармасы осы қызмет мәселесі бойынша мектеп басшыларымен түсіндіру жұмыстарын жүргізді» деді Астана қаласы Білім басқармасының бас маманы Құттымұрат Шәмшиев.

мың теңге тұрады. Бұдан өзге сатушылар бір баланы тек бір жерден киіндірсе, тиісінше 1000-1500 теңгеге жеңілдік жасаймыз дейді. Осылайша, бір баланың киіміне орташа есеппен 60-65 мың теңге жұмсалады.

Енді кеңсе тауарларына тоқталсақ, жәрмеңкеде мектеп сөмкелері

БАС ҚАЛАНЫҢ ДҮКЕНДЕРІ МЕН БАЗАРЛАРЫНДА САУДА ҚЫЗЫП ТҮР. САУДАГЕРЛЕР ЖЫЛ САЙЫН МЕКТЕП ФОРМАСЫ МЕН ОҚУҒА ҚАЖЕТТІ ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАРДЫҒЫ ҚЫМБАТТАУЫ ҚАЛЫПТЫ ЖАҒДАЙ ДЕЙДІ. ОЛАР НАРЫҚТАҒЫ ОРТАША БАҒАНЫ ЕСЕПКЕ АЛА ОТЫРЫП ОРТА СЫНЫПТА ОҚИТЫН ОҚУШЫНЫ МЕКТЕПКЕ ДАЙЫНДАУҒА 150 МЫҢ ТЕҢГЕ ЖЕТЕТІНІН АЙТАДЫ

ЖӘРМЕҢКЕДЕ БӘРІ ТАБЫЛА МА?

Мектеп жәрмеңкесінің бірі «Аймақтау» сауда үйінің маңында жүріп жатыр. Мұндағы сатушылардың сөзінше, тауар бағасы нарықтағы бағадан 10 пайызға арзан. Мәселен, киім-кешекке жұмсалатын қаражатты есептеп көрдік. Ақ жейделер 5000-6500 мың теңге, қыздардың белдемшесі 5000-8000 мың теңге болса, пиджағы 8500-9000 мың теңге көлемінде, спорттық киімдер 12-15 мың теңге, ұлдардың костюмі кемі 20 мың теңге, туфли 11 мың мен 15 мың теңге арасы, спорттық аяқкиімдер де 12-16

8000 мың теңгеден басталып, 10 мың теңгеге дейін жетеді. 12 беттік дәптерлер – 25 теңге, қалың дәптерлер – 160 теңге, қалам – 40 теңге, қарындаштар – 250 теңге, түрлі-түстісі 1600 теңге тұрады. Акваель бояуы – 500 теңге, пластилин – 600 теңге, сурет дәптері – 450 теңге, қаламсауыт – 1200 теңге, ұштағыш – 250 теңге, дәптер қабының 10 данасы – 450 теңге, кітап қабының 10 данасы 650 теңгеден сатылады. Кеңсе тауарларына жалпы есеппен 10-15 мың теңге қаражат кетеді.

Қосымша шығындарды қоса есептегенде, астаналық ата-аналар бір балаға кемі 100 мың теңге қаржы жұмсайды деуге болады.

P.S:

Жыл сайын тамыз айында мектепке қажетті заттардың бағасы бақылауға көнбейді. Мемлекеттің беретін материалдық көмегі мардымсыз. Жыртыққа жамау болуға ғана жарайды. «Мектепке жол» акциясының өзіне барлық отбасы бірдей іліге бермейді. Сәйкесінше, тапқанын балаларының тамағы мен киіміне жеткізе алмай дал болған ата-ана несиеге жүгінеді. Олай тартсаң, өзің өледі, былай тартсаң арба сынадының кері...

Астана қаласының әкімдігі елорданың жоғары оқу орындарына 850-ге жуық грант бөлді. Осыған қатысты жақында қала әкімдігі бөлетін грант бойынша комиссия отырысы өтті.

БІЛІМ ГРАНТЫ БЕРІЛДІ

Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен, қалалық Білім басқармасы басшысының орынбасары Серік Әділбаев, бірқатар жоғары оқу орындарының өкілдері және өзге де комиссия мүшелері отырыста нарықтағы маман тапшылығы мәселесі мен сұраныстың орнын толтыру туралы талқылады. Астана қаласы әкімдігінің қаулысы негізінде конкурстық комиссия елорданың жергілікті бюджет қаражатынан жоғары білім алуға білім беру грантын тағайындау үшін үміткерлер тізімін қарады.

«Заман ағымына қарай белгілі бір мамандықтарға сұраныс артып, кейбір мамандықтар тіпті қоғамның қажетіне жарамай жатады. Бұл – қалыпты құбылыс.

Қазіргі таңда дефектолог, логопед, сурдопедагог сынды медициналық мамандықтар сұранысқа ие. Мәселен, дефектолог – бұл медицина мен педагогиканы біріктіретін мамандық. Психикалық және физикалық кемістігі бар балалармен жұмыс істейді. Ондай балалар ортада өкінішке қарай, аз емес. Олардың жеке даму жағдайын ескере отырып, өмірге бейімделуге көмектесіп, тәрбиелеп, оқытатын мамандар ортамызда жеткілікті болуы керек.

Жалпы елордада білім аламын деп арман қуалап, үміттеніп отырған азаматтардың барлығын құшақ жая қарсы алып, барлық жағдайды қамтамасыз етуіміз қажет» деді өз сөзінде Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен.

Гранттар жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға бағытталған. Грант конкурсы бүкіл ел бойынша өткізіледі. 2018 жылдан бастап Астана қаласының әкімдігі педагогикалық, медициналық мамандықтар бойынша,

сондай-ақ гуманитарлық бағыт бойынша жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын бөлу жобасын іске асыруда. Бұл жоба кадр тапшылығы мәселесін шешуге бағытталған. 2024-2028 оқу жылына қала әкімдігі жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға 858 білім беру грантын белгіледі.

Астана әкімдігінің білім гранттары еліміздің сегіз жоғары оқу орнында орналастырылды. Олар: «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КЕАҚ;

– «Астана халықаралық университеті» ЖШС;

– «А.Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»;

– «Дене шынықтыру және бұқаралық спорт академиясы» ЖШС;

– «Ө.Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті» КЕАҚ;

– «А.Байтұрсынұлы атындағы Қостанай мемлекеттік университеті»;

– «Ұлттық ғылыми онкологиялық орталық» КЕАҚ;

– «Астана медицина университеті» КЕАҚ.

«2024-2028 жылдары Астана қаласының жергілікті атқарушы органының білім беру бағдарламалар тобы бойынша Еуразия ұлттық университетіне білім гранты бөлінген болатын. Конкурс нәтижесі бойынша әкімдік грантын 8 талапкер иеленді. Биыл Еуразия ұлттық университеті дарынды, талантты жастарды тарту мақсатында университеттің 53 білім беру бағдарламалар тобының шектік балы көтерді» деді Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің басқарма мүшесі, академиялық мәселелер жөніндегі проректор Ардақ Бейсенбай.



«ҰЛЫЛАР МЕКЕНІНЕН» «АБАЙ АМАНАТЫНА» ДЕЙІН

Биыл Астана қаласының Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының ұйымдастыруымен Абай күніне арналған ұлы ақын мұрасын ұлықтау іс-шаралары бір күнмен ғана шектелмей, арнайы онкүндік жоспар бекітілді. Қала бойынша жалпы 100-ге жуық іс-шара өткізілді. Мәдени іс-шаралар күні кеше «Абай аманаты» атты кешпен түйінделді.

Анығын айтқанда, Абайды ұлықтау маусым айының ортасында басталды. Сол уақытта «Ұлылар мекені...» атты ғылыми-танымдық экспедиция ұйымдастырылды. Ұлы даланың рухани қазыналарын насихаттау мақсатында 30-ға жуық адамнан құралған делегация Астана – Павлодар облысы (Баянауыл) – Абай облысы (Семей, Жидебай, Семей) – Астана бағытында рухани нысандарды аралады.

Жыл сайынғы дәстүрге сай ақынның туған күні Абайдың Астанадағы ескерткішіне гүл шоқтары қойылды. Есіл өзенінің жағалауында Абай шығармаларын насихат-



тау мақсатында «Домбыра рарту», Абай өмірі мен шығармашылығына байланысты викториналық ойындар ұйымдастырылды. «Синтез» ізденіс-эксперименталды театры Абай Құнанбайұлының даналығы мен философиялық трактаттарын насихаттау мақсатында «45» атты (Абайдың 45 қара сөздерінен құралған) ғибратты аллегориялық драманы (моралите) сахналады. Астана қаласы әкімдігіне қарасты мемлекеттік мекемелер қызметкерлері арасында интеллектуалдық сайыс өтті. «Жастар» театрында өткен «Абай аманаты» атты кештің мақсаты ғұлама, ойшыл, ақын, ағартушы, қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы Абай Құнанбайұлының ұрасын ұлықтау, көпшілік арасында хакім тағылымын насихаттау және мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру болды.



ЕГЕМЕНДІГІМ – ЕЛДІГІМ!

30 тамыз – Қазақстан Республикасы Конституциясы күніне орай елордада «Егемендігім – елдігім!» республикалық челленджи өтті. Оны ұйымдастырған Астана қаласы әкімдігінің Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының зейнеткерлері іс-шараны өткізу үшін «Астана-Бәйтерек» монументі мен «Нұржол» гүлзарының жанындағы алаңға жиналды.

Райхан РАХМЕТОВА

Орталық зейнеткерлері мәдени іс-шараны Ата Заңымызды ұлықтау және оның мәртебесін асқақтату, еліміздегі тұрақтылық пен заңдылықты дәрiптеу мақсатында ұйымдастырды. Челленджге елордадағы Алматы, Байқоңыр, Нұра, Сарыарқа және Есіл аудандарынан 200-ге жуық өнерлі ата-әжелер қатысып, ҚР Әнұранын орындады. Ұйымдастырушылар қала зейнеткерлерінің бұл игі бастамасы жастарға үлгі болып, олардың бойындағы патриотизмді нығайтуға септігін тигізеді деп санайды.

– Ата Заң – мемлекетіміздің өміріндегі ең маңызды құжат. Онда жазылған әр бап пен тармақ біздің өміріміздің қалай өрбуіне ықпал етеді. Сондықтан Конституция күні қарсаңында елорданың

егде жастағы азаматтарының атынан осы заңға құрмет көрсету, оны бұлжытпай орындауға шақыратын осындай іс-шара өткіздік. Бүгінгі челленджден бөлек, біздің орталықтың әр аудандағы филиалдарында Ата Заңымыздың мәні мен маңызын түсіндіруге арналған кездесулер де өтті. Барша халқымызды осы мерекемен құттықтап, еліміз бірлікте, татулықта тыныш өмір сүруін тілейміз! Еліміздің абыройы мен мәртебесі асқақтай берсін! – дейді Астана қалалық Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының Есіл ауданы бойынша филиалының басшысы Жанар Есенаманова.

Ұлттық киім киіп, «Бәйтерек» монументі жанында салтанатты сән құрған зейнеткерлер челленджді жоғары деңгейде өткізіп, басқосуында өнегелі бастаманы жалғастыру үшін челленджді алматылық зейнеткерлерге жолдады.

АТА ЗАҢ – БАЛАЛАР КӨЗІМЕН

Кеше Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармония ғимаратында Ата Заң күніне арналған «Конституция – балалар көзімен» атты суретшілер көрмесі ашылды.

Аталмыш көрмені Астана қаласы әкімдігінің Мемлекеттік шығармашылық тапсырысты іске асыру дирекциясы ұйымдастырды. Оның мақсаты – балалардың Отанға деген сүйіспеншілігі мен патриоттық сезімін оятып, ұлтжандылыққа тәрбиелеу.

Көрмеде әртүрлі жастағы оқушылардың акварель, гризайл, гуашь, акрил, май, қарындаш графикасы, пастель және аралас медиа сияқты әртүрлі техникада орындалған шығармашылық жұмыстары ұсынылды. Оған көркемсурет мектептері мен үйірмелерге қатысушы балалардың жалпы саны 200-ге тарта жұмысы қойылды.



ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БАЙҚАУҒА ҚАТЫСУҒА ШАҚЫРАДЫ

Amanat партиясы Астана қалалық филиалы жас ақындар мен жазушылар арасында аймақтық шығармашылық байқау жариялады.

Тақырыптық ұсыныстар:

Өз шығармасына ұлттық бірегейлікті арқау ете отырып, тың тақырыптарды көтеру және жаңа образдарды сомдау; Адам құқығы мен шынайы құндылықтарды өзек ету; Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтайда ұсынған «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» ұғымындағы идеялар мен құндылықтарды кеңінен ашу; Жастарды отаншылдыққа, төл тарихы мен ана тілін қадірлеуге, кітап оқуға шақыру; Қазіргі бәсекеге қабілетті қазақстандықтың образын насихаттау.

Байқауды өткізу тәртібі:

Байқау негізгі үш – «Поэзия»,

«Проза» және «Балаларға арналған шығарма» номинациясы бойынша өткізіледі. Әрбір номинацияға үш орыннан (I-II-III) қарастырылады. Ұйымдастырушы мүмкіндігіне қарай жергілікті жердегі зиялы қауым өкілдерінің мерейтойына арналған арнайы жүлде қарастыруына болады. Байқау жүлделерін партияның аймақтық филиалдары анықтайды. Аймақтық ұйымдастыру комитеті бүркеншек атаумен келіп түскен шығармаларды аймақтық байқау комиссиясының қарауына жолдайды. Шығармалар 2024 жылғы 20 қазан күні сағат 18.00-ге дейін қабылданады.

Байқауға келіп түскен жұмыстарды байқау комиссиясы 2024 жылғы 21-27 қазан аралығында қарайды. Жұмыс қорытындысы бойынша аймақтық байқау комиссиясы бірлескен шешім арқылы жеңімпаздарды анықтайды. Жеңімпаздарды марапаттау рәсімі партияның аймақтық филиалында 2024 жылдың 31 қазанына дейін өткізіледі.

Байқау жұмыстарын ұсыну тәртібі:

Байқауға 18-ден 45 жасқа дейінгі автор/авторлар қатысуға құқылы. Бір автор/авторлар тобы тек бір номинацияға қатыса алады. Байқауға қазақ тіліндегі жұмыстар ғана қабылданады. Ұсынылатын жұмыстардың тақырыбына шектеу қойылмайды. Бұрын-соңды жарияланған шығарма қабылданбайды. Әр номинация бойынша өлендер

циклін қабылдауға мүмкіндік беретін «Поэзия» номинациясын қоспағанда бір шығарма қабылданады.

Автор/авторлар байқауға қатысу үшін өз жұмысын жібере отырып:

– осы жұмысқа авторлық құқықтың бар екеніне кепілдік береді;

– ұйымдастырушының туындыларды (толық немесе ішінара) БАҚ-та, жинақтарда, ғаламторда, әлеуметтік желіде жариялауына рұқсат береді;

– ұйымдастырушыға қаржылық талаптар қоюдан бас тартады.

Байқауға қатысу үшін «Проза» номинациясына 30, «Поэзия» номинациясына 10, «Балаларға арналған шығарма» номинациясына 20 беттен аспайтын жұмыстар қабылданады. Байқау жұмыстары А4 форматында, Times New Roman қарпімен, 14 мөлшерде, 1,0 аралықта терілуі керек.

Байқауға жіберілетін материалдар:

Шығармалар бүркеншік атпен партияның аймақтық филиалының аманатастана@yandex.kz электрондық мекенжайына жолданады.

Байқауға ұсынылатын шығармалардың электрондық нұсқасы бөлек файлмен (автордың дерексіз) жіберіледі; Шығарма бірінші бетінің оң жағына автордың бүркеншік есімі ғана жазылады. Файл атауында автордың бүркеншік есімі және шығарманың номинациясы көрсетілуі тиіс. Автор туралы мәлімет, байланыс деректері (А.Ә.Т, тұратын мекенжайы, телефон нөмірі, электронды пошта, мекенжайы, фотосурет, автор туралы қысқаша ақпарат) бөлек файлмен қоса жолданады. Файл атауында автордың бүркеншік есімі және автордың аты-жөні көрсетілуі тиіс.